

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 31 наурыз N 331

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 3 қыркүйекте Астрахань қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы
Әскери ынтымақтастық туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 2, 23-құжат)
(1999 жылғы 23 сәуірде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет)

Бұдан әрі қарай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,
халықаралық құқық нормаларына сүйене отырып және екі мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін ескере отырып,

1992 жылғы 15-мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ережелерін, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде әскери ынтымақтастық саласында қабылданған басқа да көп жақты құжаттарды назарға ала отырып, 1996 жылғы 17-қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен

Беларусь Республикасы арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы шарт ережелерін басшылыққа ала отырып,

әскери ынтымақтастықты кеңейтуге және екі мемлекет арасындағы осы саладағы өзара түсіністікті тереңдетуге ұмтыла отырып,
төмендегілер жөнінде келісті:

1-Бап

Тараптар арасындағы әскери ынтымақтастық Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының қорғаныс әлеуеттерін нығайту мақсатында жүзеге асырылады әрі егемендік, тең құқықтылық және өзара тиімділік принциптеріне негізделеді.

2-Бап

Тараптар әскери ынтымақтастықты төмендегідей:

- халықаралық қауіпсіздік және қорғаныс саясаты;
- әскери құрылыс және қарулы күштерді реформалау;
- әскери ғылым мен білім;
- әскерді даярлау ұстанымдарын әзірлеу;
- қарулы күштер қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету;
- қарулы күштер қызметін құқықтық және әлеуметтік қамтамасыз ету;
- әскери медицина және әскери қызметшілер мен олардың отбасының денсаулығын сақтау;
- мәдениет және спорт салаларында жүзеге асырады.

3-Бап

Тараптар мынадай:

- ресми сапарлар, жұмыс бабындағы кездесулер мен консультациялар;
- бірлескен әскери-ғылыми зерттеулер, оның ішінде жаңа әскери технологияларды жасау бойынша;
- қару-жарақ пен әскери техниканы бірлесіп әзірлеу, өндіру мен өзара жеткізіп тұру;
- әскери қызметшілерді екі мемлекеттің әскери оқу орындарында оқыту, әскери-ғылыми және ғалым-педагог кадрларды бірлесіп даярлау;
- әскерлерді даярлау жөніндегі бірлескен шараларды жүргізу;
- әскери-ғылыми, әскери-техникалық және әскери-құқықтық оның

ішінде конференциялар, семинарлар мен конкурстар жүргізу жолымен ақпаратпен алмасу;

- әскери ынтымақтастық шеңберінде мәдени және спорт шараларын жүргізу;
- әскери қызметшілер мен олардың отбасын екі мемлекеттің қарулы күштерінің сауықтыру мекемелеріне жіберу;
- өзара уағдаластық бойынша өзге де нысандарда ынтымақтастықты жүзеге асырады.

4-Бап

Тараптар әскери ынтымақтастықтың салалары мен бағыттарын іске асыру мен дамытуды екі жақты келісімдер жасау жолымен жүзеге асырады.

Тараптар осы Келісім ережелерін тікелей жүзеге асыру үшін Уәкілетті органдарды тағайындайды:

Қазақстан жағынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Беларусь жағынан - Беларусь Республикасының Қорғаныс министрлігі.

5-Бап

Уәкілетті орындар жыл сайын келесі жылға арналған әскери ынтымақтастық жоспарын әзірлейді, ол ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін келісіледі және бекітіледі. Әскери ынтымақтастық жоспары шаралардың атауын, оларды жүзеге асыру нысанын, өткізу уақыты мен орнын, жауапты органдарды, қаржыландыру көздерін және басқа да мәселелерді қамтиды.

6-Бап

Тараптар әскери ынтымақтастық саласындағы шараларды іске асыруға байланысты қаржылай шығыстарды өзаралық негізде жүзеге асырады.

Қабылдаушы Тарап делегация мүшелерін жайғастыру мен тамақтандыру жөніндегі шығыстарды өз мойнына алады, сондай-ақ өздерінің әскери-медициналық мекемелерінде қажетті медициналық көмекті және өз мемлекеті аумағында көліктік

қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.
Ж і б е р у ш і Т а р а п :

- өз делегация мүшелерінің қабылдаушы Тарап мемлекетінің

аумағындағы сапар орнына баруы мен қайтар жолындағы жол жүру;

- қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағына бару үшін қажетті құжаттарды ресімдеу жөніндегі шығыстарды өз есебінен қамтамасыз етеді.

Басқа мемлекеттің әскери оқу орындарында мамандарды даярлауға және техникалық көмек көрсету үшін мамандарды жіберуге байланысты қаржылай есептер жекелеген келісімдер мен контрактілер жасау жолымен жүргізіледі.

7-Бап

Тараптар әскери ынтымақтастық шеңберінде алынған ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге және келісілген құпиялық дәрежесін сақтауға міндеттенеді.

Тараптардың бірі үшінші тарапқа ақпаратты тек екінші Тараптың жазбаша мәлімдемесінен және оның жазбаша келісімінен кейін бере алады.

8-Бап

Тараптар осы Келісімді жүзеге асыруда туындауы мүмкін даулар мен пікір алшақтықтарды келісімдер және консультациялар жолымен шешеді.

Осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар, оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша хаттамалар жасау жолымен енгізілуі мүмкін.

9 - Б а п

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны жайлы мәлімдемелермен алмасқан күннен бастап күшіне е н е д і .

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды және егер Тараптардың ешқайсысы тиісті мерзімнің аяқталуына алты ай қалғанға дейін оның қолданысын тоқтататын ниеті туралы жазбаша мәлімдемесе, оның қолданысы келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

Астрахань қаласында 1998 жылғы 3 қыркүйекте екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіруде Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.